

АБАЙ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ӨҢІРЛІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КММ



**Балалардың жазғы демалысын үйімдастыру
кезінде психологиялық қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Семей 2025 жыл

Балалардың жазты демалысын үйымдастыру кезінде психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған әдістемелік ұсынымдар

Жазғы демалыс – баланың өміріндегі манызды кезең. Бұл тек демалыс уақыты ғана емес, сонымен катар жеке тұлғалық дамуға, деңсаулықты нығайтуға, әлеуметтененуге, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын, құқықтық сананы қалыптастыруға және жасөспірімдер ортасындағы жағымсыз құбылыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін кезең.

Психологиялық қауіпсіздік – бұл бала тұлғасының психологиялық қауіп-катерлерден, мазасыздық пен құйzelістен, зорлық-зомбылық пен қорлаудан қорғалған жағдайы, сондай-ақ демалыс пен бос уақытты өткізу барысында оның психоэмоционалдық дамуына қолайлы жағдай жасау.

Мақсаты: жазғы демалысты үйымдастыру мекемелерінде қолайлы және қауіпсіз психологиялық орта құры.

Міндеттері:

1. Психологиялық зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу;
2. Балалар мен ересектер арасында сенімді атмосфера қалыптастыру;
3. Әрбір бала үшін эмоционалдық жайлыштықты қамтамасыз ету;
4. Қын өмірлік жағдайдағы балаларды анықтау және қолдау көрсету;
5. Персоналдың балалар психологиясы және келіспеушіліктерді реттеу саласындағы біліктілігін арттыру;
6. Балалардың физикалық және психоэмоционалдық қалпына келуін қамтамасыз ету;
7. Қадағалаусызықтың, құқық бұзушылықтардың, суицидтің, буллингтің, деструктивті субмәдениеттерге тартылудың алдын алу;
8. Салауатты әрі қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру.

Психологиялық қауіпсіз орта құрудың принциптері:

1. Тұлғаны құрметтеу принципі – әрбір баланың қадір-қасиетін мойындау.
2. Сенім мен ашықтық принципі – айыптаусыз, шынайы диалог орнату.
3. Бағаламау принципі – баланы салыстырудан аулақ болу.
4. Жеке кезқарас принципі – әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру.
5. Белсенді тыңдау принципі – баланың ой-пікіріне мұқият назар аудару.

Психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар

Дайындық кезеңі:

1. Қызметкерлерді іріктеу: балалармен жұмыс істеу бойынша дайындықтан өткен мамандарды (тәлімгерлер, педагогтер, психологтар) тарту; өзара қарым-қатынас, зорлық-зомбылық пен кемсітүшіліктің алдын алу тақырыптарында нұсқаулықтар өткізу.

2. Балаларды диагностикалау: жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, бейімделу киындықтарын анықтау мақсатында экспресс-сауламалар мен анкеталар жүргізу; ерекше білім беру қажеттіліктері бар және «тәуекел» тобындағы балалардың ерекшеліктерін ескеру.

3. Ата-аналарды ақпараттандыру: лагерьдің бағдарламасымен, ережелерімен таныстыру; «Баланы демалысқа қалай дайындау керек» тақырыбында нұсқаулық жүргізу.

Қауіпсіз ортани үйымдастыру:

1. Жайлы психологиялық ахуал: балалармен еркін түрде амандасу және танысу; ізеттілік, құрмет пен ынтымақтастық мәдениетін сақтау; «қауіпсіз аймақтар» – психологиялық демалыс бөлмелері, тыныштық бұрыштарын үйымдастыру.

2. Құн тәртібі: белгілі бір құрылымы бар құн тәртібі, белсенділік пен демалысты көзектестіріп үйымдастыру; еркін ойынға және жеке тандау жасауға мүмкіндік беру.

3. Буллингтің алдын алу: қауіпсіз қарым-қатынас ережелерін талқылау; команда құру, эмпатияны дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды енгізу; келіспеушілік пен агрессия жағдайларына дер кезінде әрекет ету.

Психологтың қызметі

- 1. Бейімделуге қолдау көрсету:** танысу және ұжымды біріктіруге арналған топтық сабактар; бейімделу киындықтарын бастаң кешіріп жүрген балалармен жекелей әңгімелесу.
- 2. Психологиялық ағарту:** эмоционалды интеллект бойынша мини-тренингтер өткізу; тақырыптық сағаттар: «Мен не сезіп тұрмын?», «Мен және өзгелер», «Стресті қалай женуге болады?»
- 3. Эмоционалды жағдайды бақылау:** бақылау, сауалнамалар, арт-терапиялық әдістер қолдану; мазасыз және гипербелсенді балалармен жұмыс.
- 4. Педагогтер мен тәлімгерлермен жұмыс:** конструктивті қарым-қатынас пен топты басқару тәсілдеріне үйрету; күрделі жағдайлар бойынша кеңес беру; тұракты мини-супервизиялар немесе жағдайларды талдау кешкі отырыстары.
- 5. Ата-аналармен өзара әрекет:** тұракты кері байланыс ұсыну; баланың бейімделу мәселелері бойынша кеңес беру; мазасыздану мен дезадаптация белгілері бар балаларға қолдау көрсету.
- 6. Кризистік жағдайлар туындаған кезде:** шұғыл әрекет ету жоспарының болуы; психоэмоционалдық күйзеліс, зорлық-зомбылық немесе өзіне зиян келтіру белгілері анықталған жағдайда қызметкерлерге арналған нақты әрекет ету нұсқаулығының болуы.

Ұсынылатын әдістер мен жұмыс түрлері:

1. Сенімге негізделген ойындар, арт-терапия, ертеңі терапиясы, денеге бағытталған практикалар;
2. «Көніл күй күнделігі» жүргізу;
3. «Қауіпсіз кеңістік» технологиясын пайдалану.

Әдістемелік материалдар жинағы:

1. Әдістемелік ұсынымдар;
2. Чек-листтер: педагогтер/тәлімгерлер, психологтар үшін;
3. Анкета және сауалнама үлгілері: балаларға арналған экспресс-сауалнама (бейімделу, жағдайы туралы); ата-аналарға арналған сауалнама; қызметкерлерге арналған бақылау парагы;
4. Лагерь қызметкерлеріне арналған тренинг жоспары;
5. «Жазғы лагерьдегі психологиялық қауіпсіздік» тақырыбындағы презентация;
6. Тақырыптық жадынамалар мен буклеттер.



- 8 7222 541014
- 8 7222 541157
- 8 7222 541007
- 8 8000 80 30 24, 1307 сенім телефоны
- centr.psychology.abay@gmail.com
- Семей қаласы, Жамакаева көшесі 140
- [@centr_psychology_abay](https://www.instagram.com/centr_psychology_abay)